

Критериалды бағалау-тыңдаушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыру үрдісі.

**Абрахманова Рысты Темиртасовна,
Дигенова Ботагоз Каирбаевна**
Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
«Ақмола облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»
жаратылыстану ғылыми (гуманитарлық) пәндерді
оқыту әдістемелік және инновациялық
технологиялар кафедрасының аға оқытушылары

Андатпа

Мақалада мұғалімдерге критериалды бағалаудың оқушы үшін тиімділігін, оқушының танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға, табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге және рефлексия жасауға, сыни ойлап өз ойын еркін айтуына қалай қол жеткізу жолдары анықталған.

Аннотация

В статье описывается эффективность применения критериального оценивания, а также различные методы оценивания для повышения когнитивных способностей и уровня мышления учащихся, понимания и оценки критериев успеха, а также для достижения критического мышления и рефлексии.

«Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасының өзектілігі, бүгінгі таңда алға қойған мақсаттарды іске асыруда басты рөлді мұғалімнің атқаратындығы бәрімізге белгілі. Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер ғана үйренушілердің білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр.

БІ. Алтынсариннің «мектептің жүрегі-мұғалім» деген қағидасының мағынасы уақыт өткен сайын тереңірек ашылуда. Мұғалімнің заман адамын қалыптастырудағы қызметі ешбір өлшемге сыймайды. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырып, шығармашылығын шыңдау жауапкершілігі педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының құзырында. Сондықтанда мен курс барысында менің жұмысым қай уақытта жақсы болады?-деген ізденісте боламын.

Біріншіден, әр сабағыма тиісті дәрежеде дайындалуым керек. Сабағының бір бөлігі дұрыс өтпесе ол менің сәтсіздігім, қай жерден қателестім, не сәтсіз өтті? Соған жауап іздеймін.

Екіншіден, алдымда отырған үйренушілерімнің сол күнгі сабақтың мақсатына жету үшін үйренушілердің атқаратын барлық іс-әрекеттерін жетілдіруін қарастырамын.

Үшіншіден, күнделікті сабақтың мазмұнына жете көңіл аударамын.

Үйренушілердің деңгейіне, қажеттілігіне қарай ресурстарды бейімдеп, жетпесе қосамын.

Төртіншіден, сабақтың меңгерілуінің 80% дұрыс, орынды әдіс-тәсіл таңдай білуімнен тұрады.

Осы төрт тағанды дұрыс меңгере алсам, менің сабағым әр уақытта межелеген мақсатыма жетуге талпыныс береді.

Рефлексия не үшін қажет? Бүгінгі әрекетім арқылы ертеңді жақсарту үшін жұмыс жасауым қажет.

Ол үшін тәжірибе және оқуды дамыту үшін жеке мақсаттарымды дұрыс анықтай біліп, аудиторияның қажеттілігін ескеру әдістерімді жетілдіремін;

Үйренушілеріме сындарлы ұсыныс беру дағдыларын дамытатын тапсырмалар таңдай алу.

Осы төрт өзекті мәселе алдыма қойған мақсатымды жүзеге асыруды *«Бағалау үдерісінің мақсаты. Оқыту үшін бағалау (ОҮБ) дегеніміз не?» тізбектелген сабақтар топтамасында көрсетпекпін.*

Александрдің пайымдауынша *Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады – делінген. [1]*

Осы тұжырымға сүйеніп *үйренушілерімді ең бірінші* Бағалау мақсатымен таныстырып, жиынтық бағалау туралы сыни тұрғыдан ойлауға жетелеу. Бағалау мақсатын, бағалау әдістерін меңгерту, оқушының қызығушылығын анықтауды рейтингілік тиімді тестілеу әдісін білдіру. Мұғалімдерге оқушылардың нені үйренгенін жүйелі талдап, бағалап, оқу қарқынын тиімді бағалау оқушыларды дамытудың пәрменді әдісі болып табылатын ұғындыру.

Үйренушілерді топқа бөліп, жағымды жағдай туғызып, «Аяқталмаған сөйлем» жаттығуымен СТО модулін пысықтап алдым.

Тақырыпқа ену үшін миға шабуыл арқылы «Бағалау» сөзін естігенде сіздің ойыңызға не келеді? Бағалаудың қандай жолдары бар? Баға дегеніміз не?... Жаттығудан үйренушілердің қаншалықты бағалау туралы терең білетіндігін, мағынасын түсінетіндігін байқаймын. «Дәстүрлі бағалау тиімді ме?». Топтық пікірталас өткіздім. Қабырғаларға «Иә», «Бейтарап», «Жоқ» деген сөздер жазылады. Әр тарап үш тірек сөз жазып, өз ойларын дәлелдейді. Пікірталастан оқушыны ынталандыру үшін дәстүрлі бағалаудан басқа бағалау түрлерін қолдану қажеттігі барын зерделеді. «Оқу таныстырылымында»? үйренушілеріме бағалау туралы жалпы мәлімет беріп, талқыланады. «Қорытынды бағалау үдерісі» тапсырмасында топтық талқылауларды тәжірибелеріне сүйене отырып берілген тұжырымды қорытындылайды. Бояркиннің <http://cpm.kz/> «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» видеомәтінді көріп бағалаудың оқушыға әсері жайлы мағлұмат алды.

Теорияны бекітуде топтар МАН-тан «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» тақырыбын өзара талдап презентация жасау үшін тақырыпшаны бөліп алып, жаттығуларды орындау барысында үйренушілердің жеке тәжірибесінде пайда болған ойлары, идеялары, дәлелдері мен уәждері мен ұстанымдары арқылы талдау жасап құрастырып ортаға ұсынды. *Құрастырылған білім ұзақ уақыт есте сақталып, өмірде кең қолданыс табады, өйткені олардың мазмұны үйренушілердің өз мүдделері мен қызығушылығынан туындайды.* [2]

Осы тақырып аясындағы түйінді идеялардан мұғалім не түсінді, тәжірибелі мұғалімдермен топтық жұмыс, жалпы талқылау құра білген білім алу ортасы мұғалімдерге ынтымақтаса отырып, өзара бір-біріне қолдау көрсете біліп, жаңа білім алу ғана емес сонымен қатар танымдық әрекетін дамуына септігін тигізді деп ойлаймын. Оқытуды жақсарту үшін, үйренушілерге еркіндік, өзіндік іс-әрекеттерге жағдай, әр уақытта ортада болуын қадағалау, мадақтау, ынтасын, қызығушылығын тудыруға жағдай жасадым.

Барлық тапсырмалардан кейін үйренушілер бір-бірін өзара бағалау парақтары арқылы бағалап отырды. Бұл бағалаулар маған мұғалімдер ертең тәжірибеге барғанда балаларды бағалау жөнінде өз дағдыларын дамыту үшін не қажет екендігін көрсетті. Бұл мәселені шешу үшін бағалауды әліде жан-жақты зерттеп, түрлендіру керегін ұғындым.

Тақырыпты қорытындылау үшін SWOT-анализ — әдісі арқылы мұғалімдерге бағалаудың ішкі және сыртқы факторлардың әсерін анықтау ұсынылады. Әр сабақтың соңында түрлі кері байланыстар жүргізіледі.

Сабақтағы тапсырмаларды талдауда бағалау түрлерін өзгертіп отыруға көңіл бөлу керек екенін, нақты тәжірибеге сүйене білу керектігін түсіндім. Себебі *оқушының ынтасын анықтауды рейтингілік тиімді тестілеу кезіндегі тәжірибе жиынтық бағалау әсері тапсырмасын талдау барысында мен анағұрлым маңызды мәселені айқындадым, яғни мұғалімдердің тәжірибелеріне сүйеніп қандай жұмыс жасау керектігін ескеріп қосымша материалдар беруді қарастырамын.*

Бұрынғы өткізген курстарымды саралай келе мұғалімдерді оқыту арқылы және оқыту барысында қандай жетістіктерге жеттім? және қалай жеттім?

Мен ойлаймын бір саты болсын көтерілуім-ең бірінші тренерлік курстан алған білім, біліктерім, өмірлік тәжірибем, үйренушілерімнің іс-әрекетінен, әріптестерден алған кеңестер сонымен қатар біздің ілгерлеуімізге сабақ беруімізді жетілдіруге оң бағыт бағдар беретін эксперт, менторлардың ұсыныс пікірлері.

Оқу үрдісін мұғалімдер тәжірибесін ескеріп ұтымды ұйымдастыра алсам, ол менің әрі қарайғы жемісті жұмыс жасауымның кепілі деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық , ПШО 2016ж.
2. А.Әлімовтің «Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану», Алматы 2013